

Setting // Journal of Social Studies Education Research. Vol 8, No 3, 2017. – 24-49 (Scopus).

7. Abilgazieva Zh. K., Nurgalieva S. A. Efficaciam integrative adventu in doctrina aliena linguis in prima schola. Series "Paedagogica Scientiae", 2018. - Almaty. – №1(57). - Pp. 269-274.

8. Sysoev P. V. Linguae multicultural educationem: quid est? // Peregrinarum linguarum in schola. – 2006. – №4. - P. 2-14..

9. Akpayeva A., Ivanova N., Luchina T., Minaeva E., Zhestkova E. Specifics of Educational Activity Anti-motivation in Future Teachers Subject to the Training Period // International Review of Management and Marketing, 2016, 6(S3) 265-269.

10. Kurt S. "Problem-Based Learning (PBL)", in Educational Technology, January 8, 2020. Retrieved from <https://educationaltechnology.net/problem-based-learning-pbl/>

11. Nouri, J. The flipped classroom: for active, effective and increased learning – especially for low achievers. Int J Educ Technol High Educ 13, 33 (2016). <https://doi.org/10.1186/s41239-016-0032-z>.

12. Kutuzova N. V. "Clip ratus" ut massa superficiem perceptio notitia // Amet paedagogica vitae: de materia, VIII International Conferentia. nauch. conf. (Kazan, Ut 2018). - Kazan: Young Scientist, 2018. - P. 6-8. – URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/278/14175/>.

13. Kelly, Marilyn, Ed. The Primary Program: Growing and Learning in the Heartland. Second Edition. Nebraska State Dept. of Education, Lincoln. 2001. 602 p.(p.553).

14. Kosheleva T. A. Exemplar intra-lorem ipsum sit amet lorem ipsum doctores in condicionibus exsecutionem amet project "Fructuosa doctrina vitae ut elementum, melioremque qualitas educationis in compage exsecutionem Foederati Statu Donec Vexillum" //, ID est, "Prima septembris", 2020. – [Electronic resource] <https://urok.1sept.ru/>

15. Plotnikova N. F. Quadrigis aditus in disciplina: an educational et applicando dux. - Kazan: Kazan Libellorum Domus. un-ta, 2016. - 96 p.

16. In approbatione Publica Progressio Progressum Educationis et Scientiae, Reipublicae Kazakhstan enim 2020-2025 / Resolutio Gubernationis Reipublicae Kazakhstan datas December 27, 2019 N. 988. ([https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/hozyaystvennaya\\_deyatelnost/id-P1900000988/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/hozyaystvennaya_deyatelnost/id-P1900000988/))

МРНТИ 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.19>

Ш.Д. Имангалиева<sup>1</sup>, Б.Ж. Бекжанова<sup>1</sup>, А.С. Ахметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

## БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК-ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫ МЕН ҮРЕЙЛЕНУІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауын психодиагностика калауда Э.Ф. Замбачьявичене әдістемесінің Л.И. Переслени модификациялаған нұсқасы, «Сөздік субтестілер» мен балаларға арналған үрейлілік шкаласының (The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) А.М. Прихожан модификациясындағы нұсқалардың тәжірибеде қазақша қолданылуы қарастырылған. Әдістемелердің мектепке дейінгі жастағы және бастауыш мектеп жасындағы, бейін алды мектеп жасындағы балалардың сөздік-логикалық ойлауының динамикасын анализдеуге арналған орыс тіліндегі нұсқасы қазақ тіліне аударылып, оларды бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауын зерттеуге пайдаланылды. «Сөздік субтестілер» әдістемесінің және балаларға арналған үрейлілік шкаласының (The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) А.М. Прихожан модификациясындағы нұсқаларын пайдаланып, бастауыш мектеп оқушыларымен психологиялық-педагогикалық эксперимент жүргізіліп, экспериментке қазақ және орыс тілін жақсы меңгерген респонденттер іріктелініп алынды. Эксперимент екі кезеңде жүргізіліп, I-кезеңде 9-10 жастағы балалардың сөздік-логикалық ойлауының және үрейлену деңгейінің дамуы қазақ тіліндегі

әдістемені пайдаланып жүргізілсе, ал II-кезеңде осы жастағы балалармен әдістемелер орыс тілінде жүргізіліп, нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалынды. Экспериментте әдістемелердің орысша-қазақша нұсқасын қолданудағы нәтижелерінің өзара байланысы математикалық-статистикалық әдістермен талданып, айқындалды.

**Түйін сөздер:** бастауыш мектеп жасы, сөздік-логикалық ойлау, үрейлілік шкаласы, ойлауды зерттеу, психодиагностика.

*Ш.Д. Иманғалиева<sup>1</sup>, Б.Ж. Бекжанова<sup>1</sup>, А.С. Ахметова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Кызылординский университет имени КORKYT ATA*

## **ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ СЛОВЕСНО-ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И ТРЕВОЖНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

### *Аннотация*

В данной статье рассмотрены проблемы применения казахской версии методики Э.Ф.Замбацэвичене, модифицированной Л.И. Переслени, «Словесные субтесты» и шкала тревожности (The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS), модифицированной А.М. Прихожан. Для анализа динамики словесно-логического мышления детей дошкольного и младшего школьного возраста, предпрофильный школьный вариант методики был переведен на казахский язык, и применен для изучения словесно-логического мышления учащихся начальной школы. Психолого-педагогический эксперимент был проведен с учащимися начальных классов с использованием вариантов методики «Словесные субтесты» и шкалы тревожности (The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) в модификации А.М. Прихожана, и для эксперимента отобраны респонденты, хорошо владеющие казахским и русским языками. Эксперимент проводился в два этапа, на первом этапе изучение развития словесно-логического мышления и тревожности у детей 9-10 лет проводилось по методике на казахском языке, а на втором этапе методики проводились на русском языке с детьми этого возраста. Результаты применения русско-казахской версии методик были анализированы с помощью математико-статистических методов исследования.

**Ключевые слова:** младший школьный возраст, словарно-логическое мышление, шкала тревожности, изучение мышления, психодиагностика.

*S.D. Imangaliyeva<sup>1</sup>, B.Zh. Bekzhanova<sup>1</sup>, A.S. Akhmetova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University*

## **PROBLEMS OF STUDYING VERBAL-LOGICAL THINKING AND ANXIETY OF YOUNGER PUPILS**

### *Abstract*

This article deals with the problems of using the Kazakh version of the method of E.F. Zambatsevichene, modified by L.I. Peresleni, "Verbal subtests" and the anxiety scale (the Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS), modified by A.M. Prikhozhan. To analyze the dynamics of vocabulary and logical thinking of children of preschool and primary school age, the pre-profile school version of the methodology was translated into Kazakh and applied to the study of vocabulary and logical thinking of primary school children. A psychological and pedagogical experiment was carried out with primary school students using variants of the Verbal Subtests methodology and the Children's Form of Manifest Anxiety Scale (CMAS) modified by A.M. Prikhozhan, and respondents who were fluent in Kazakh Russian languages. The experiment was carried out in two stages, at the first stage, the study of the development of verbal-logical thinking and anxiety in children of 9-10 years old was carried out according to the methodology in the Kazakh language, and at the second stage the methods were carried out in Russian with children of this age. The experiment carried out methods in both versions, and the results of the Russian-Kazakh version of the method were analyzed using mathematical and statistical research methods.

**Keywords:** primary school age vocabulary and logical thinking, anxiety scale, study of thinking, psychodiagnostics.

**Кіріспе.** Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр білім алушының қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық құндылықтармен, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру үшін қажетті алғы шарттарды жасау [1]. Республикадағы жалпы әлеуметтік жағдай, оның ішіндегі тәрбие мәселесі бойынша рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, ұлттық дәстүр, құндылықтар, мәдени мұраны дамытудың жалпы мемлекеттік деңгейі негізінде жалпы ұлттық шаралар мен әрекет түрлерін жүзеге асыру қажет. Бүгінгі күн талаптарына сәйкес білім беру ұйымдары жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру бағытында жүйелі түрде жұмыстар атқарылып жатыр. Осыған орай, білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісіндегі құндылық бағдарларының мәні өзгеруде [2]. Білім алушылардың қоғамдық тарихи тәжірибенің таңдаулысын меңгеріп, ғылыми дүниетаным, ұлттық мұрат, азаматтық позициясы қалыптасуы үшін олардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына, психологиялық диагностикалау мен нәтижесіне сәйкес тұлғалық ықпал ету әдістерін пайдалану, сонымен қатар шет елдік психодиагностикалық әдістемелерді қазақ тілді аудиторияда адаптациялау мәселесіне де зор мән береміз.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Д.Б. Эльконин, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Ж.Пиажениң ғылыми-психологиялық зерттеулерінде бастауыш мектепте баланың сапалы оқуының танымдық психикалық процестердің даму деңгейіне байланысты болуы қарастырылған (есте сақтау, зейін, ойлау, қабылдау). Бұл жаста ойлау жетекші қызмет атқарады, көрнекі-образдықтан сөздік-логикалық ойлауға ауыса бастайды, соның негізінде ойлаудың теориялық типі қалыптасады. Сол себепті де ойлау процесін зерттеуге арналған әдістемелерге талдау жасаймыз.

Р.Амтхауэр өзінің тестісін (Amthauer Intelligenz-Struktur-Test? I-S-T) 1953 жылы ұсынды (1973 жылы қайта редакциялады). Тесті кәсіби бағдар беруге арналып, оны 12-13 пен 61 жастағы респонденттермен қолдануға болатын еді. Осы себепті бұл әдістеме жаңадан қалыптасып келе жатқан психологиялық қызмет психологтарының назарынан тыс қалды. Тест 9 субтестіден, I, II және III субтестілер 20 және IV субтесті 16 тапсырмадан тұрады, есептер, сандық қатар, фигураларды таңдау, кубиктермен тапсырмалар орындау болып табылады. Р.Амтхауэр интеллектіні тұлғаның бүтіндей құрылымындағы арнаулы шағын құрылым ретінде айқындайды. Бұл құрылым әр түрлі іс-әрекет түрінде көрінетін психикалық қабілеттердің құрылымдық бүтіндігі болып табылады деп түсіндіреді [1, с. 16]. Э.Ф. Замбацявичененің стандартталған әдістемесі Р.Амтхауэр тестісінен жас ерекшелік диапазонымен және ана тілі литва тілі болып табылатын балалармен жүргізілді ( I мен V сыныптар аралығы). Зерттеуге қалыпты (жалпы білім беретін мектептің I-III сыныптары) және аномальді (қосымша мектеп, көру және есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп I-V сыныптар) балалар қатысты. Ол Р.Амтхауэр тестісінің алғашқы төрт вербалдық субтестісінің 10 тапсырмаға дейін қысқартылған нұсқасын пайдаланады. Э.Ф. Замбацявичене нұсқасы жарияланғаннан кейін осы әдістемемен жұмыс істеуге Л.И. Переслени, Е.М. Мастюкова, Л.Ф. Чупров кірісіп, В.Л. Подобед алғашқы математикалық статистикалық өңдеуді жүргізіп, әдістемені өтуде ынталандырушы көмекті қосуды ұсынды [3]. «Сөздік субтестілер» әдістемесінде бала бес түрлі баламалы жауаптың біреуін таңдауы керек, өз таңдауына түсініктеме беруі қажет. Таңдауы дұрыс болғанымен түсіндіруі қате немесе жеткіліксіз болуы мүмкін. М.С. Певзнердің классикалық мысалы бар мынадай: «Бала: “Дәрігер, мен сізге метеор тәрізді ұшып келдім”. Дәрігер: «Метеор дегеніміз не?”. Бала: “Бұл ұшатын нәрсе”». «Стандартталған тестілер» осы мәселені есепке алмайды. Э.Ф. Замбацявичене нұсқасы өңделіп, Л.И. Переслени, Е.М. Мастюкова, Л.Ф. Чупровтің «Сөздік субтестілері» қолданыла бастады (1989) [4].

М.К. Акимова басшылығымен әзірленген тесті 12 жастан бастап қолданылады және Р.Амтхауэр тестісіне қарағанда өңделуі өзгеше болып табылады [5]. «Сөздік субтестілер» психодиагностикалық жиынтық үшін әзірленген болып табылады (Л.И. Переслени, Е.М. Мастюкова, Л.Ф. Чупров бойынша психодиагностикалық әдістемелер кешені 1990) [4]. «Сөздік субтестілер» әдістемесін Ресейдің практикалық психологтары кең түрде пайдаланады. Украинада психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруде қолданылады [6]. Әдістеменің төрт түрлі нұсқасы бар, мектепке дейінгі жастағы және бастауыш мектеп жасындағы, бейін алды мектеп жасындағы балалардың сөздік-

логикалық ойлауының динамикасын анализдеуге мүмкіндік береді.

Л.Ф. Чупров (2002), В.И. Распопов, Л.Ф. Чупров (2014) ұсынған мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған нұсқа және классификациялау мен жалпылауға арналған әр субтесті бес тапсырмадан тұрады [7].

Л.И. Переслени, Л.Ф. Чупровтің (1989) экспресс-диагностикаға арналған 4 субтестісі жалпы түсінікке, классификацияға, аналогия мен жалпылауға арналады, баланы бірінші сыныпқа қабылдау кезінде қолданылады [8].

Л.И. Переслени, Е.М. Мастюкова, Л.Ф. Чупровтың бастауыш мектеп оқушыларына арналған нұсқасы 10 тапсырмасы бар төрт субтестіден (жалпы түсінік, ұғымдарды классификациялау, аналогиялар, жалпылау) тұрады (1989) [8] және Р.Д. Монгуш пен Л.Ф. Чупров (1993) тува тілінде сөйлейтін балаларды зерттейтін нұсқаны әзірлейді [9].

«Сөздік субтестілер» әдістемесінің бастауыш мектеп оқушыларына арналған қазақ тіліндегі нұсқасы әзірленіп, апробациядан өткізілді. Осы зерттеудің нәтижелерін ұсынамыз. Осы жоғарыда көтерілген мәселені шешу үшін бастауыш мектеп оқушыларымен психологиялық-педагогикалық эксперимент жүргізілді. Зерттеуге қазақ және орыс тілінде жақсы түсініп, сөйлей, оқи алатын 20 респондент іріктелініп алынды. Эксперимент екі кезеңде жүргізілді, бірінші кезеңде әдістемелерді қазақ тілінде, ал екінші кезеңде осы респонденттермен әдістемелер орыс тілінде жүргізілді.

Эксперименттің I-кезеңінің міндеттері: 9-10 жастағы балалардың сөздік-логикалық ойлауының және үрейлену деңгейінің дамуын зерттеу, әдістемелерді қазақ тілінде жүргізіп, нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау.

Эксперименттің II-кезеңінің міндеттері: 9-10 жастағы балалардың сөздік-логикалық ойлауының және үрейлену деңгейінің дамуын зерттеу, әдістемелерді орыс тілінде жүргізіп, нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау.

Эксперименттік зерттеу барысында төмендегідей әдістемелердің қазақша-орысша нұсқалары қолданылды:

1. Э.Ф. Замбацявичененің бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауы әдістемесі (Л.И. Переслени модификациясы).

Әдістеме төрт субтестіден тұрады [10]:

Бірінші субтест баланың жалпы түсінігін анықтауға арналған;

Екіншісі – ұғымдарды классификациялауға арналған тапсырмалар;

Үшінші субтестіде ұқсастығы бойынша заңдылықтарды анықтауға арналған тапсырмалар берілген;

Төртінші субтестіде ұғымдарды жалпылауға берілген тапсырмалар ұсынылған.

2. Үрейлілік шкаласы CMAS (А.М. Прихожан модификациясында). Балаларға арналған үрейлілік шкаласы (The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) 8-12 жастағы балалардың үрейлілігін айқындауға арналған болып табылады [10].

Бұл әдістемелер орыс тіліндегі нұсқадан аударылды. Қазақша нұсқасын аударғанда және өңдегенде алғашқы және соңғы нұсқалар арасындағы сәйкессіздіктер анықталды, пікірлер талданып, олқылықтар анықталды. Аударманы тексеруге филолог-мамандар қатысты. Зерттеуге қатысушылар орыс және қазақ тілдерін жақсы меңгерген, әрқайсысы әдістемелерді қазақ тілінде, сосын бір аптадан соң орыс тілінде толтырды. Статистикалық өңдеу үшін SPSS.20 бағдарламасы қолданылып, параметрлердің орташа мәні мен стандартты ауытқуы анықталып, корреляциялық талдау жасалынды.

**Зерттеу нәтижелері.** Әдістеменің қазақша және орысша нұсқалар арасындағы орташа көрсеткішке салыстырмалы талдау жасау. Нәтижелерді өңдеуде әр субтесті мен 4 субтесті бойынша қосынды ұпай алынады және нәтижелілік көрсеткіші анықталады. Нәтижелілік деңгейі төмендегідей формуламен есептелінеді,  $X - 4$  субтесті бойынша жинақталған ұпайлар саны:  $X * 100\% / 40$ .

Кесте-1. Э.Ф. Замбацявичененің, Л.И. Пересленидің модификациясы бойынша бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауының нәтижелілік деңгейін анықтау, Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп

Мектеп №	Сыныбы	Тілдік нұсқасы	%	Нәтижелілік деңгейі	Оқушылар саны
№23	3Г, 3Д, 3В	Қазақ тілі	100-80	IV	6

№23	3Г, 3Д, 3В	Қазақ тілі	79.9-65.0	III	11
№23	3Г, 3Д, 3В	Қазақ тілі	64.9-50.0	II	3
№23	3Г, 3Д, 3В	Қазақ тілі	49.9<	I	1
№23	3Г, 3Д, 3В	Орыс тілі	100-80	IV	2
№23	3Г, 3Д, 3В	Орыс тілі	79.9-65.0	III	8
№23	3Г, 3Д, 3В	Орыс тілі	64.9-50.0	II	5
№23	3Г, 3Д, 3В	Орыс тілі	49.9<	I	5


8-9 жастағы бастауыш мектеп оқушыларының 40%-ы нәтижеліліктің IV жоғары деңгейін көрсетті, III нәтижелілік деңгейі 40-55%, ал II нәтижелілік деңгейі – 4,5-10%, I нәтижелілік деңгейі 0,5-10%-ды құрады. Топтар арасындағы өзгешелік  $P < 0,01$  мәнділік деңгейіне сәйкес келеді (Стъудент критерийі бойынша). Алынған нәтижелер бойынша жалпы түсінік бойынша (I, II субтестілер бойынша) және үшінші сынып оқушыларының (8-9 жас) жалпылауға байланысты тапсырмаларды шешу нәтижелілігінің артқандығы байқалды (IV субтест).

Кесте-2. Э.Ф. Замбацявичененің, Л.И. Пересленидің модификациясы бойынша бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауының орташа мәнін анықтау, Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп (қазақ тілінде)

	1-субтест	2-субтест	3-субтест	4-субтест	Жалпы ұпай	стендер СМАС	Снж шкаласы
Орташа мәні	7,45	7,60	6,88	7,15	29,08	6,45	6,55
N респондент	20	20	20	20	20	20	20
Стд.ауытқу	1,78	1,66	1,66	2,15	4,46	1,96	2,09
Медиана	7,75	8,00	7,00	8,00	29,50	6,00	6,50
Минимум	3,00	3,00	3,00	1,00	18,00	2,00	2,00
Максимум	10,00	9,00	10,00	10,00	37,00	10,00	10,00
Дисперсия	3,16	2,75	2,76	4,63	19,90	3,84	4,37
Эксцесс	0,38	2,63	0,93	2,48	0,88	0,10	-0,15
Асимметрия	-0,60	-1,67	-0,20	-1,37	-0,46	-0,10	-0,14

Кесте-3. Э.Ф. Замбацявичененің, Л.И. Пересленидің модификациясы бойынша бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауының орташа мәнін анықтау, Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп (орыс тілінде)

	1-субтест	2-субтест	3-субтест	4-субтест	Жалпы балл	стендер СМАС	Снж шкаласы
Орташа мәні	5,98	6,60	4,80	6,20	23,58	5,00	7,25
N	20	20	20	20	20	20	20
Стд. ауытқу	2,43	2,34	1,79	1,85	6,41	2,34	2,05
Медиана	7,00	7,00	4,50	7,00	24,75	4,50	8,00
Минимум	2,00	1,00	2,00	0,00	10,50	0,00	3,00
Максимум	9,00	10,00	9,00	8,00	33,00	10,00	10,00
Эксцесс	-1,45	0,18	0,63	6,11	-0,79	0,15	-0,52
Асимметрия	-0,50	-0,72	0,76	-2,19	-0,51	0,14	-0,66



Сурет-1. Э.Ф. Замбацявичененің, Л.И. Персленидің модификациясы бойынша бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауының орташа мәнін анықтау, Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп (орыс және қазақ тілінде)


**Дискуссия. Нәтижелерді талдау.** Үшінші сынып оқушыларының (8-9 жас) ұғымдарды жалпылауға арналған тапсырмаларының орташа мәнінің 6,20 - 7,15-ке артқандығы және ұғымдарды классификациялаудың 6,60-7,60-ке артқандығы анықталды. Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік-логикалық ойлауын зерттеуде екі нұсқа бойынша (была использована русская и казахская версия методик) ойлаудың дамуының орташа деңгейінің басымдығы анықталды – 55%, ал 40% оқушылар сөздік-логикалық ойлауының дамуының жоғары деңгейін көрсетті.

Балаларға арналған үрейлілік тестісінің ((The Children’s Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) А.М. Прихожан модификациясында) нәтижесіне талдау жасау [9]:

1. «Әлеуметтік қолдаушылық» субшкаласы бойынша нәтижелердің есепке алынуы.
2. Үрейлілік шкаласы бойынша ұпайлардың есепке алынуы.
3. Алғашқы баға стенге ауысады, ол үшін сыналушы нәтижелері жас ерекшелік нормативпен сәйкестендіріледі.

Кесте-4. Балаларға арналған үрейлілік тестісі ((The Children’s Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) А.М. Прихожан модификациясында) нәтижелердің орташа мәні. Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп (қазақ және орыс тілінде)

	CMAS стендер (қазақ тілінде)	CMAS стендер (орыс тілінде)	«ӘҚ» субшкаласы. (қазақ тілінде)	«ӘҚ» субшкаласы (орыс тілінде)
Орташа мәні	6,45	5,00	6,55	7,25
N респонденттер	20	20	20	20
Стд. ауытқу	1,96	2,34	2,09	2,05
Медиана	6,00	4,50	6,50	8,00
Минимум	2,00	0,00	2,00	3,00
Максимум	10,00	10,00	10,00	10,00
Дисперсия	3,84	0,15	4,37	-0,52
Экссесс	0,10	0,14	-0,15	-0,66
Асимметрия	-0,10	5,00	-0,14	7,25



Сурет-2. Балаларға арналған үрейлілік тестісі ((The Children's Form of Manifest Anxiety Scale – CMAS) А.М. Прихожан модификациясында) бойынша нәтижелердің орташа мәні. Қызылорда қаласы, №23 орта мектеп (орыс және қазақ тілінде)

**Қорытынды.** Субтестілердің корреляциясын және статистикалық өзгешеліктерін зерттеу нәтижесінде субтестілердің тапсырмаларының қазақ-орыс тілдерінде мағынасы жағынан дұрыс айқындалғандығы және респонденттердің тілге қатыссыз көптеген сұрақтарға дұрыс жауап бергендігі анықталды. Субтестінің қазақ тіліндегі нұсқасы қазақ балаларының орыс тіліндегі нұсқаны қабылдауымен сәйкес келді. Сондықтан субтестінің қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын бір-біріне эквивалентті ретінде зерттеу жұмыстарына пайдалануға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың үрейлілігінің нормаға сәйкес дамуы (әдістеменің орыс және қазақ тіліндегі нұсқасы) 85-90%-ды құрады.

Үшінші сынып оқушыларының үрейлілік деңгейі (8-9 жас) нормаға сәйкес болып анықталды, орташа мәні 5-6,45 ұпай аралығын қамтыды.

Пирсон критерийін пайдаланып корреляциялық анализ жүргізіліп, оның барысында сөздік-логикалық ойлау тестісі мен үрейлілік тестісі арасында оң статистикалық маңызды байланыс анықталды, қазақ-орыс тіліндегі әдістемелер нұсқалары арасында оң статистикалық байланыс айқындалды, сондықтан осы әдістемелерді қазақ тілді аудиторияда пайдалануға болады (әдістеменің орысша мен қазақша нұсқалары) ( $p \leq 0,001$ ).

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы.

2 Salikhova N.R., Akhmetova A.S. The comparison of content and dynamic parameters personal value-meaning systems of Kazakh and Russian undergraduates // *Mathematics Education*. – 2016. – №11(1). – P.221-230.

3 Переслени Л.И., Мастюкова Е.М., Чупров Л.Ф. Психодиагностический комплекс методик для определения уровня умственного развития младших школьников: Учеб.-метод. пособие. – Абакан: АГПИ, 1990. – 68 с.

4 Психодиагностика особенностей словесно-логического мышления младших школьников (метод. реком.) / авт.-сост.: Л.И. Переслени, Е.М. Мастюкова, Л.Ф. Чупров. – Абакан: АГПИ, 1990. – 28 с.

5 Чупров Л.Ф. Психодиагностический набор для исследования интеллектуальной недостаточности у детей младшего школьного возраста (краткое практическое пособие для психологов по использованию диагностической батареи). – М.: ОИМ.RU, 2003.

6 Чупров Л.Ф. Стандартизация методики диагностики уровня умственного развития первоклассников (Словесный субтесты) // *Психолог в школе*. – 2001. – №1-2. – С.51-62.

7 Чупров Л.Ф. Стандартизация методики диагностики уровня умственного развития первоклассников (Словесный субтесты) // *Журнал практического психолога*, 2001. – №3-4 (март-апрель). – С.51-62.

8 Чупров Л.Ф. "Словесные субтесты": вариант для обследования детей дошкольного возраста // *Психолог в детском саду*, 2002. – №1. – С.60-69.

9 Чупров Л.Ф. Методика В.М. Когана // Психология из Хакасии [Электрон. ресурс] / Web-сайт сообщества boom.ru – Режим доступа: World Wide Web. URL:

[http://psykhak.boom.ru/centralpart/new\\_page\\_4.htm](http://psykhak.boom.ru/centralpart/new_page_4.htm). (Дата обращения: 13.05.2003).

10 Чупров Л.Ф. Психологическая диагностика в работе практического психолога // Образование: исследовано в мире [Электрон. ресурс] / Под патронажем Российской академии образования, ГНПБ им. К.Д. Ушинского. – М.: ОИМ.RU, 2000-2003. – Режим доступа: World Wide Web. URL: <http://www.oim.ru/>. (Дата обращения: 09.07.2003).

11 Шкала явной тревожности CMAS (адаптация А.М. Прихожан) / Диагностика эмоционально-нравственного развития. Ред. и сост. И.Б. Дерманова. – СПб., 2002. – С.60-64.

#### References:

1. Legem Reipublicae Kazakhstan July 27, 2007 N 319-III "In educatione".
2. Salikhova N.R., Akhmetova A.S. The comparison of content and dynamic parameters personal value-meaning systems of Kazakh and Russian undergraduates // *Mathematics Education*. – 2016. – №11(1). – P.221-230.
3. Peresleni L. I., Mastjukova E. M., Chuprov L. F. Psychodiagnostic complexus quia ratio determinans gradu mentis progressionem minor scholarum: Artem.- modus. stipendium. - Abakan: AGPI, 1990. - 68 p.
4. Psychodiagnosics de features of verborum et cogitandi rationem de prima schola filii (modus. recom.) / auth.- comp.: L. I. Peresleni, E. M. Mastjukova, L. F. Chuprov. - Abakan: AGPI, 1990. – 28 p.
5. Chuprov L. F. Psychodiagnostic ornamentum studio intellectualis invalidatis in filios primaria schola aetate (brevis practica dux psychologice in usum diagnostic batteries). - M.: OIM.RU, 2003.
6. Chuprov L. F. Standardization of modos pro diagnosing gradu mentis progressionem primum graders (Verborum subtest). – 2001. – №1-2. - P. 51-62.
7. Chuprov L. F. Standardization of modos pro diagnosing gradu mentis progressionem primum graders (Verborum subtests) // *Acta Practica Psychologia*, 2001. - N. 3-4 (March-April). - P. 51-62.
8. Chuprov L. F. "Verborum subtests": a variant ad examen adplicavi filii // *Psychologist in donec*, 2002. – №1. - Pp. 60-69.
9. Chuprov L. F. Metodika V. M. Kogan [Methodus V. M. Kogan]. resource] / *Communitatem website boom.ru* -Obvius modum: Mundus Wide Web. URL: [http://psykhak.boom.ru/centralpart/new\\_page\\_4.htm](http://psykhak.boom.ru/centralpart/new_page_4.htm). (Accessed 13.05.2003).
10. Chuprov L. F. Animi diagnostics in opus practicum psychologist // *Educationem: investigentur in mundo* [Electron. resource] / Sub patrocinio Russian Academiae Educationis, GNPB im. K. D. Ushinsky. - M.: OIM.RU, 2000-2003. - Obvius modum: Mundus Wide Web. URL: <http://www.oim.ru/>. (Accessed: 09.07.2003).
11. Scala explicite sollicitudine CMAS (accommodatio Parochianis A. m.) / *Diagnostics motus et moralem*. Ed. et ad primum sic proceditur. I. B. Dermanova. - SPb., 2002. - P. 60-64.